

Кәсіптік стандарт: «Қосалқы жүйелерге, бақылау-өлшеу аспаптарына және автоматикаға қызмет көрсету»

1-ші тарау. Жалпы ережелер

1. Кәсіптік стандарттың қолдану аясы: "Қосалқы жүйелерге, бақылау-өлшеу аспаптарына және автоматикаға қызмет көрсету" кәсіптік стандарты негізгі кәсіптерді құрылымдау, біліктілік пен құзыреттілік деңгейіне, еңбек мазмұны, сапасы мен жағдайларына қойылатын талаптарды анықтау үшін жұмыскерлердің жұмыс сипаттамаларын және негізгі еңбек функцияларын сипаттау үшін "Кәсіптік біліктілік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 5-тармағына сәйкес әзірленді. Осы кәсіптік стандарт мұнай өндіру өнеркәсібінде қолданылады. Ол мұнай өндіру процесінде қолданылатын бақылау, өлшеу және автоматтандыру жүйелеріне техникалық қызмет көрсету, баптау және жөндеу жұмыстарын қамтиды. Бұл жүйелерге өндіріс тиімділігі мен қауіпсіздігін қамтамасыз ететін өндіру процесін бақылауға және басқаруға арналған құрылғылар мен аспаптар кіреді.

2. Осы кәсіптік стандартта мынадай терминдер, анықтамалар мен қысқартулар қолданылады:

1) автоматика – бұл функцияларды орындауға арналған салалық (өнеркәсіптік) мақсаттағы өлшеу құралдары мен автоматтандыру құралдарын қамтитын техникалық құралдардың жиынтығы;

2) бақылау-өлшеу аспаптары – бұл технологиялық процестердің параметрлерін (температура, қысым, шығындар, деңгейлер) өлшеу арқылы олардың жай-күйі туралы ақпарат алуға арналған құрылғылар;

3) білімі – кәсіби тапсырма шеңберінде іс-әрекеттерді орындау үшін қажетті зерделенген және игерілген ақпарат;

4) дағды – кәсіби тапсырманы толығымен орындауға мүмкіндік беретін білім мен дағдыларды қолдану мүмкіндігі;

5) кәсіптік стандарт – ресми және (немесе) бейресми және (немесе) информалды білім беруді, біліктілік пен құзыреттілік деңгейін, кәсіптік қызметтің нақты саласындағы еңбек мазмұнын, сапасы мен жағдайларын ескере отырып, білімге, іскерлікке, дағдыларға, жұмыс тәжірибесіне қойылатын жалпы талаптарды белгілейтін жазбаша ресми құжат;

6) магистральдық құбыр – техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың талаптарына сәйкес келетін өнімді қауіпсіз тасымалдауды қамтамасыз ететін желілік бөліктен және объектілерден тұратын бірыңғай өндірістік-технологиялық кешен;

7) дағдылар – кәсіби міндет шеңберінде жеке бірлік іс-әрекеттерді физикалық және (немесе) ақыл-оймен орындау қабілеті.

3. Осы кәсіптік стандартта мынадай қысқартулар қолданылады

1) БА – Біліктілік анықтамалығы;

2) БӨАЖА – бақылау-өлшеу аспаптары және автоматика;

3) БТБА – Бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығы;

4) СБЖАҚҚ – сигнализация, блоктау және апатқа қарсы қорғау;

5) ЖАЖ – БӨАЖА жабдықтарын жоспарлы-алдын ала жөндеу;

6) КАӨТ – көп арналы өлшеу түрлендіргіші;

7) КС – кәсіптік стандарт;

8) ТПБАЖ – технологиялық процесті басқарудың автоматтандырылған жүйесі;

9) ТжКБ – техникалық және кәсіптік білім;

10) СБШ – Салалық біліктілік шеңбері.

2-ші тарау. Кәсіптік стандарттың паспорты

4. Кәсіптік стандарттың атауы: Қосалқы жүйелерге, бақылау-өлшеу аспаптарына және автоматикаға қызмет көрсету

5. Кәсіптік стандарттың коды:

6. ЭҚЖЖ секциясын, бөлімін, тобын, сыныбын және кіші сыныбын көрсету:

С Өңдеу өнеркәсібі

19 Кокс және мұнай өңдеу өнімдерін өндіру

19.2 Мұнайдың өңделген өнімдерін, шымтезек пен көмірден брикеттер өндіру

19.20 Мұнайдың өңделген өнімдерін, шымтезек пен көмірден брикеттер өндіру

19.20.1 Мұнай өңдеу өнімдерін өндіру

7. Кәсіптік стандарттың қысқаша сипаттамасы: Бұл КТ-та "Қосалқы жүйелерге, бақылау-өлшеу аспаптарына және автоматикаға қызмет көрсету" кәсіби топтың сипаттамасы, сондай-ақ қосалқы жүйелерге, бақылау-өлшеу аспаптарына және автоматикаға қызмет көрсету бойынша жұмыстарды орындайтын өндірістік ұжымның жұмыс сипаттамасы мен еңбек функцияларын келтірілген. Көмекші өндіріс негізгі өндірістің үздіксіз және тиімді жұмысын қамтамасыз етуге арналған. Оған жөндеу, құрал-саймандық, энергетикалық, көлік, қойма және басқа да шаруашылықтар кіреді. Еңбек нысанасын түрлендіру жөніндегі негізгі процестің қалыпты жүруіне ықпал ететін және негізгі процесті жабдықтармен, керек-жарақтармен, кесетін және өлшейтін құрал-саймандармен, отын-энергетикалық ресурстармен қамтамасыз етумен байланысты процесс.

8. Кәсіптер карточкаларының тізімі:

1) Газдар мен тозаңды талдау жөніндегі зертханашы - 2 СБШ-нің деңгейі

- 2) Өндірістік процестерді автоматтандыру жөніндегі техник - 4 СБШ-нің деңгейі
3) Газдар мен тозаңды талдау жөніндегі зертханашы - 3 СБШ-нің деңгейі
4) 3.1 Электр станцияларда химиялық су тазалау аппаратшысы - 3 СБШ-нің деңгейі
5) 3.1 Аспапшы (мұнай, газ, сланец, көмір өңдеу және магистральдық құбырларға қызмет көрсету) - 3 СБШ-нің деңгейі
6) Қазандарды және бу және ыстық су құбырларын қадағалау жөніндегі инженер - 6 СБШ-нің деңгейі
7) Жылуды диагностикалау және теңестіру жөніндегі инженер - 6 СБШ-нің деңгейі
8) 3.2 Электр станцияларда химиялық су тазалау аппаратшысы - 3 СБШ-нің деңгейі
9) Су-химиялық режим жөніндегі инженер (мұнай) - 6 СБШ-нің деңгейі
10) Метрология жөніндегі инженер - 6 СБШ-нің деңгейі
11) 3.2 Аспапшы (мұнай, газ, сланец, көмір өңдеу және магистральдық құбырларға қызмет көрсету) - 3 СБШ-нің деңгейі

3-ші тарау. Кәсіптер карточкалары

9. Кәсіптің карточкасы «Газдар мен тозаңды талдау жөніндегі зертханашы»:			
Топтың коды:	3111-9		
Қызмет атауының коды:	3111-9-003		
Кәсіптің атауы:	Газдар мен тозаңды талдау жөніндегі зертханашы		
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	2		
СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі:			
БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:	1-шығарылым. "Жұмыстар мен жұмысшы кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығын (1-шығарылым) бекіту туралы" 2023 жылғы 1 қыркүйектегі № 364 Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 7 қыркүйекте № 33389 болып тіркелді. § 66. Газдар мен шаңды талдау жөніндегі зертханашы		
Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі: негізгі орта білім	Мамандық: -	Біліктілік: -
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:	Жұмыс тәжірибесі қажет емес.		
Формалды емес және информалы біліммен байланыс:	Қажет емес		
Кәсіптің басқа ықтимал атаулары:	8131-9-149 - Химиялық талдау зертханашысы		
Қызметтің негізгі мақсаты:	Ауадағы газдарды талдау, өндірістік жайлардағы шаңды өлшеу бойынша жұмыстарды жүргізу.		
Еңбек функциялардың сипаттамасы			
Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	1. Өртүрлі зерттеу әдістерін қолдана отырып, газдар мен шаңға талдау жүргізу	
	Қосымша еңбек функциялары:		
Еңбек функциясы 1: Өртүрлі зерттеу әдістерін қолдана отырып, газдар мен шаңға талдау жүргізу	Дағды 1: Өндірістік жайлардағы және қоршаған ортадағы ауа сапасын бақылау.	Машықтар:	
		2-ші разряд үшін: 1. Портативті талдағыштарды қолдана отырып ауадағы ластаушы заттардың концентрациясын өлшеу. 2. Шаңтұтқыштар мен сүзгілердің жай-күйін визуалды бағалау. 3. Ауаны өлшеу және талдау нәтижелері бойынша алдын ала есептер жасау. 4. Өндірістік жайлардағы ауаның ластану көздерін анықтау және тіркеу. 5. Ауа сапасын жақсарту және ластаушы заттар шығарындыларын азайту жөніндегі іс-шараларды әзірлеуге қатысу.	

		<p>Білімдер:</p> <p>2-ші разряд үшін:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Ауадағы ластаушы заттарды өлшеуге арналған әдістер мен аспаптар. 2. Өндірістік жайлардағы ауа сапасы бойынша нормативтік құжаттар мен стандарттар. 3. Ауаны тазарту үшін қолданылатын шаңтұтқыштар мен сүзгілердің жұмыс принциптері. 4. Экология негіздері және ластаушы заттардың адам денсаулығы мен қоршаған ортаға әсері. 5. Өндірістік жағдайларда ауа сапасына әсер ететін технологиялық процестер. 6. Ауа сапасын бақылау нәтижелері бойынша есептілікті жасау әдістемесі. 7. Ластаушы заттарды өлшеу және жұмыс жүргізу кезіндегі қауіпсіздік қағидалары.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Ұсынылмайды
	<p>Дағды 2:</p> <p>Газ және шаң сынамаларынан ауаға талдау жасау бойынша жұмыстар жүргізу</p>	<p>Машықтар:</p> <p>2-ші разряд үшін:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Өндірістік жайларда қарапайым және орташа күрделі ауа талдауларын жүргізу. 2. Металлургиялық пештерден шығатын газдарға талдау жүргізу. 3. Шахта ауасындағы шаң құрамына талдау жүргізу. 4. Шаңтұтқыш сүзгілердің шығатын құбырлары арқылы металдардың шығынына талдау жүргізу.
		<p>Білімдер:</p> <p>2-ші разряд үшін:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Шаң-газды талдаудың қарапайым негіздері. 2. Оттегі, сутекті анықтау әдістерінің қысқаша сипаттамасы. 3. Газдардың, ауаның және шаңның негізгі қасиеттері. 4. Химиялық реактивтермен, сынаппен және сұйық азотпен жұмыс істеу қағидалары. 5. Ішкі еңбек тәртібіні, қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария, өрт қауіпсіздігі талаптары.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Ұсынылмайды
Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:	Дербестік және жауапкершілік Күйзеліске тұрақтылық Орындаушылық Ықыластылық	
Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі:	Қажет емес	
СБШ -нің ішіндегі басқа кәсіптермен байланыс:	СБШ-нің деңгейі:	Кәсіптің атауы:
	4	Өндірістік процестерді автоматтандыру жөніндегі техник
	3	Газ бен шаңды талдау жөніндегі зертханашы
	3	Аспапшы (мұнай, газ, тақтатас, көмір өңдеу және магистральдық құбырларға қызмет көрсету)
10. Кәсіптің карточкасы «Өндірістік процестерді автоматтандыру жөніндегі техник»:		
Топтың коды:	3112-3	
Қызмет атауының коды:	3112-3-001	
Кәсіптің атауы:	Өндірістік процестерді автоматтандыру жөніндегі техник	
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	4	
СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі:		

БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:	Басшылар, мамандар және басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығы "Басшылар, мамандар және басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығын бекіту туралы" 2020 жылғы 30 желтоқсандағы № 553 Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 31 желтоқсанда № 22003 болып тіркелді. § 105. Техник		
Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі: ТжКБ (орта деңгейдегі маман)	Мамандық: Технологиялық процесстерді автоматтандыру және басқару (бейін бойынша)	Біліктілік:
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:	I санаттағы техник: тиісті мамандық (біліктілік) бойынша техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі (арнаулы орта, кәсіптік орта) білім және II санатты техник лауазымындағы жұмыс өтілі кемінде 2 жыл; II санаттағы техник: тиісті мамандық (біліктілік) бойынша техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі (арнаулы орта, кәсіптік орта) білім және санаты жоқ техник лауазымындағы жұмыс өтілі кемінде 2 жыл; Санаты жоқ техник: тиісті мамандық (біліктілік) бойынша техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі (арнаулы орта, кәсіптік орта) білімі, жұмыс өтіліне талаптар қойылмайды.		
Формалды емес және информалы біліммен байланыс:	Қажет емес		
Кәсіптің басқа ықтимал атаулары:	2141-3-001 - Автоматтандыру жөніндегі инженер		
Қызметтің негізгі мақсаты:	Өндірістік процесстерді автоматтандыру және жұмыс күйінде күтіп ұстау		
Еңбек функциялардың сипаттамасы			
Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	1. Өндірістік процесстерін автоматтандыру бойынша жұмыстар кешенін жүзеге асыру	
	Қосымша еңбек функциялары:		
Еңбек функциясы 1: Өндірістік процесстерін автоматтандыру бойынша жұмыстар кешенін жүзеге асыру	Дағды 1: Автоматтандыру арқылы өндірістік процесстердің үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету	Машықтар: <ol style="list-style-type: none"> 1. Өндірістік процесстер жабдықтарының жұмысы туралы деректерді жүргізу және өзектендіру. 2. Пайдалану құжаттамасын өзекті күйде ұстау. 3. Материалдық-техникалық ресурстарға қажеттілікті есептеуді жүзеге асыру. 4. Материалдық-техникалық ресурстарға, жеке және ұжымдық қорғау құралдарына өтінімдер жасау. 5. Материалдық-техникалық ресурстарды, жеке және ұжымдық қорғау құралдарын есептен шығаруға актілерді рәсімдеу. 6. Есеп құжаттамасын рәсімдеу. 7. Белгіленген есептілік шеңберінде ұсынылатын ақпаратқа талдау жүргізу. 	

		<p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Өзірленетін техникалық құжаттамаға салалық қолданыстағы стандарттар мен техникалық шарттар, оны жасау тәртібі және ресімдеу қағидалары. 2. Материалдық-техникалық ресурстарды, жеке және ұжымдық қорғау құралдарын тұтыну нормалары. 3. Ішкі еңбек тәртібінің тәртібі, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өндірістік санитария, өрт қауіпсіздігі талаптары. 4. Басқару жүйелерінің жұмыс принциптерін қоса алғанда, өндірістік процестерді автоматтандыру негіздері. 5. Автоматтандырылған жүйелердің сенімділігі мен қауіпсіздігіне қойылатын талаптар. 6. Жабдықтың жай-күйін бақылау және диагностикалау әдістері. 7. Ішкі еңбек тәртібі, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өндірістік санитария тәртібі, өрт қауіпсіздігінің талаптары.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Ұсынылмайды
	<p>Дағды 2: Автоматтандырылған басқару жүйелеріне техникалық қызмет көрсету және жөндеу жүргізу</p>	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Автоматтандырылған жүйелерге техникалық қызмет көрсету. 2. Жабдықтар мен басқару жүйелерін жөндеу және конфигурациялау. 3. Автоматтандырылған жүйелердегі Ақаулықтарды диагностикалау. 4. Олардың тиімділігін арттыру үшін автоматтандырылған жүйелерді жаңғыртуды жүзеге асыру.
		<p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Есепке алу және есептілік нысандары және есепке алуды жүргізу және есептілікті жасау тәртібі. 2. Есептілікті қалыптастырудың құрылымы мен әдістері. 3. Заманауи ақпараттық технологиялар және оларды өндірістік процестерді автоматтандыруда қолдану. 4. Заманауи ақпараттық технологиялар және оларды өндірістік процестерді автоматтандыруда қолдану. 5. Автоматтандыру саласындағы жобаларды басқару процестері. 6. Автоматтандырудың тиімділігін бағалау үшін экономика және қаржылық талдау негіздері.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Ұсынылмайды
Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:	Дербестік және жауапкершілік Күйзеліске тұрақтылық Командада жұмыс істей білу Орындаушылық Ықыластылық	
Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі:	ТР КО 010/2011 «Машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігі туралы» және тиісті стандарттар.	
СБШ -нің ішіндегі басқа кәсіптермен байланыс:	СБШ-нің деңгейі:	Кәсіптің атауы:
	6	Қазандар мен бу және ыстық су құбырларын қадағалау жөніндегі инженер
	6	Жылуды диагностикалау және теңестіру жөніндегі инженер
11. Кәсіптің карточкасы «Газдар мен тозаңды талдау жөніндегі зертханашы»:		
Топтың коды:	3111-9	
Қызмет атауының коды:	3111-9-003	
Кәсіптің атауы:	Газдар мен тозаңды талдау жөніндегі зертханашы	

СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	3		
СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі:			
БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:	1-шығарылым. "Жұмыстар мен жұмысшы кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығын (1-шығарылым) бекіту туралы" 2023 жылғы 1 қыркүйектегі № 364 Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 7 қыркүйекте № 33389 болып тіркелді. § 67-68. Газдар мен шаңды талдау жөніндегі зертханашы		
Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі: ТжКБ (жұмысшы кәсіптер)	Мамандық: Зертханалық технология	Біліктілік: -
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:	Жұмыс тәжірибесі талап етілмейді.		
Формалды емес және информалы біліммен байланыс:	Қажет емес		
Кәсіптің басқа ықтимал атаулары:	8131-9-149 - Химиялық талдау зертханашысы		
Қызметтің негізгі мақсаты:	Ауадағы газдарды талдау, өндірістік жайлардағы шаңды өлшеу бойынша жұмыстарды жүргізу.		
Еңбек функциялардың сипаттамасы			
Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	1. Өртүрлі зерттеу әдістерін қолдана отырып, газдар мен шаңға талдау жүргізу	
	Қосымша еңбек функциялары:		
Еңбек функциясы 1: Өртүрлі зерттеу әдістерін қолдана отырып, газдар мен шаңға талдау жүргізу	Дағды 1: Газ және шаң сынамаларынан ауаға талдау жасау бойынша жұмыстар жүргізу	Машықтар:	
		3 разряд үшін: 1. Өндірістік жайларда ауаның күрделі талдауларын жүргізу, шаң құрамын өлшеу. 2. Газдар мен ауаға жедел талдау жүргізу. 3. Жоғары сапалы генераторда жұмыс жасау. 4. Масс-спектрометрде және хроматографта кейінгі талдау жүргізу үшін газ жинау. 5. Газдар мен шаңның құрамына ауаны талдау әдістерін іріктеу. 4 разряд үшін: 1. Ерекше күрделі ауа талдауларын жүргізу. 2. Хроматографтағы концентрацияны анықтау, эталондық газ қоспаларын дайындау. 3. Хроматографты баптау және калибрлеу. 4. Пневмометриялық түтіктердің коэффициентін тексеру. 5. Шаңтұтқыштарды тексеру кезінде ақаулық ведомостар жасау.	

		<p>Білімдер:</p> <p>3-ші разряд үшін:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Шаң-газды талдау негіздері. 2. Шаңтұтқыштардың, газ қалдықтарының, тұтқыштардың және электр кедергі пештерінің құрылымы. 3. Иондаушы және магниторазрядты манометрлерді пайдалану қағидалары. 4. Талдаудың салмақ және көлемдік әдістері. 5. Органикалық, бейорганикалық және аналитикалық химия бойынша негізгі мәліметтер. 6. Ішкі еңбек тәртібі, қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария, өрт қауіпсіздігі талаптары. <p>4-ші разряд үшін:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Талдау әдісінің принципі және оның физикалық мәні. 2. Шаң-газ тұтқыш жабдықтарды баптау қағидалары. 3. Аспаптардың сезімталдығын реттеу тәсілдері. 4. Хроматографтың газ схемасы. 5. Жартылай автоматты реометрдің схемасы және оны орнату әдістері. 6. Техникалық құжаттамаларды жүргізу қағидалары.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Ұсынылмайды
	<p>Дағды 2:</p> <p>Ауаның және оның компоненттерінің сапасын анықтау үшін зертханалық зерттеулер мен эксперименттер жүргізу</p>	<p>Машықтар:</p> <p>4-ші разряд үшін:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Газ, сұйық және қатты фазалардың химиялық және физикалық қасиеттерін анықтау. 2. Шаң-газ тазарту қондырғысының тиімділігін анықтау. 3. Титрленген ерітінділерді дайындау. 4. Цехтарда орнатылған стационарлық аспаптар көрсеткіштерінің дұрыстығын тексеру. 5. Шаң-газ есептеулерін жүргізу. 6. Техникалық құжаттамаларды жүргізу. 7. Шаң мен газды талдаудың жаңа әдістерін өнгізу. 8. Аппараттар бойынша газ ағындарының дұрыс бөлінуін тексеру. <p>Білімдер:</p> <p>3-ші разряд:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Ауадағы ластаушы заттардың концентрациясын өлшеу әдістері. 2. Газ бен шаңды талдау жабдықтары: түрлері, құрылғысы және жұмыс принципі. 3. Өндірістегі ауа сапасын бақылау стандарттары мен нормалары. 4. Экологиялық мониторинг және шығарындыларды бақылау негіздері. <p>4-ші разряд үшін:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Газ бен шаңды талдаудағы заманауи технологиялар мен инновациялық әдістер. 2. Шаң-газ тазарту жүйелерінің тиімділігін бағалау әдістері. 3. Экологиялық нормалардың сақталуын бақылау қағидалары мен әдістері. 4. Ауа сапасының аудиті: принциптері мен әдістемесі.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Ұсынылмайды
Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:	Дербестік және жауапкершілік Күйзеліске тұрақтылық Орындаушылық Ықыластылық	
Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі:	Қажет емес	
СБШ -нің ішіндегі басқа кәсіптермен байланыс:	СБШ-нің деңгейі:	Кәсіптің атауы:
	4	Өндірістік процестерді автоматтандыру жөніндегі техник

	3	Аспапшы (мұнай, газ, тақтатаc, көмір өңдеу және магистральдық құбырларға қызмет көрсету)	
12. Кәсіптің карточкасы «3.1 Электр станцияларда химиялық су тазалау аппаратшысы»:			
Топтың коды:	8186-0		
Қызмет атауының коды:	8186-0-004		
Кәсіптің атауы:	3.1 Электр станцияларда химиялық су тазалау аппаратшысы		
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	3		
СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі:	3.1		
БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:	9-шығарылым. "Жұмыстар мен жұмысшы кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығын (9-шығарылым) бекіту туралы" 2021 жылғы 30 сәуірдегі № 149 Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 11 мамырда № 22707 болып тіркелді. § 58-59. Электр станцияларда химиялық су тазалау аппаратшысы		
Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі: ТжКБ (жұмысшы кәсіптер)	Мамандық: Химиялық технология және өндіріс (түрлері бойынша)	Біліктілік: -
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:	Жұмыс тәжірибесі талап етілмейді.		
Формалды емес және информалы біліммен байланыс:	Қажет емес		
Кәсіптің басқа ықтимал атаулары:	8155-1-001 - Су-химиялық өңдеу аппаратшысы		
Қызметтің негізгі мақсаты:	Электр станциясының химиялық су тазалау жабдығының қауіпсіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету.		
Еңбек функциялардың сипаттамасы			
Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	1. Су тазалау және су дайындау процестері мен рәсімдерін орындау	
	Қосымша еңбек функциялары:		
Еңбек функциясы 1: Су тазалау және су дайындау процестері мен рәсімдерін орындау			

Дағды 1:
Суды химиялық тазарту процесін әртүрлі тазарту әдістерімен жүргізу

Машықтар:

3 разряд үшін:

1. Суды өлшенген заттардан тазарту процесін жүргізуді қамтамасыз ету.
2. Суды химиялық тазартуды жұмсарту схемасы бойынша ағартқыштағы суды реагентті өңдеумен және кейіннен қазандықтар мен жылу желілерін толтыру үшін бастапқы судың сапасына байланысты механикалық сүзгілер арқылы сүзумен жүзеге асыру.
3. Өлшеу құралдарының көрсеткіштері мен химиялық талдау нәтижелері бойынша өңдеу сатылары бойынша өлшенген заттар мен мұнай өнімдерінен суды химиялық тазалау процестерін жүргізуді және мониторингті жүзеге асыру.
4. Суды тазалау процесінің параметрлерін реттеу.
5. Тұз ерітіндісімен сүзгілерді қалпына келтіру үшін регенерациялық ерітінді дайындау.
6. Жұмсалатын реагенттер санын есептеу.
7. Флотатор жабдықтарын, механикалық және көмір сүзгілерін, технологиялық қорғаныстарды, АВР блоктарын және дабылдарды іске қосу, тоқтату және сынау жөніндегі операцияларды жүзеге асыру.
8. Жабдықтардың, арматуралардың, коммуникациялар мен аспаптардың жай-күйін көзбен шолып бақылауды, жұмыстағы ақауларды анықтауды және оларды жою жөнінде шаралар қабылдауды қамтамасыз ету.
9. Жабдықты жөндеуге шығаруға және жөндеуден қабылдауға қатысу.
10. Авариялық жағдайларды жоюға, жөндеуге шығаруға және жөндеуден қабылдауға, жабдықты іске қосуға және тоқтатуға қатысу.

2-ші разряд үшін:

Біліктілігі анағұрлым жоғары аппаратшының басшылығымен суды химиялық тазалау процесін жүргізу кезінде.

4-ші разряд үшін:

1. Механикалық сүзгілер арқылы кейіннен сүзетін болып, ағартқыштарда суды алдын ала реагентпен өңдеу (коагуляция, әктеу) процестерін жүргізуді қамтамасыз ету.
2. Катион алмасу жолымен жұмсарту схемасы бойынша майланған және өндірістік конденсатты, қазандарды және жылу желісін қоректендіруге арналған суды химиялық тазалау.
3. Өлшеу құралдарының көрсеткіштері мен химиялық талдау нәтижелері бойынша реагенттік өңдеу процестерінің параметрлерін және суды жұмсартуды реттеу.
4. Ион алмасудың технологиялық сипаттамаларын және реагенттердің үлестік шығынын есептеу.
5. Жоғары білікті аппаратшының басшылығымен қазандарды толтыру және ионит сүзгілерін тұздар, қышқылдар, сілтілер ерітінділерімен регенерациялау үшін суды тұзсыздандыру процесін жүргізу.
6. Конденсатты жұмсарту, тұзсыздандыру және тазарту, алдын ала тазарту схемаларының бақылау-өлшеу аспаптарының көрсеткіштеріне химиялық талдаулар жүргізу және бақылау.

	<p>Білімдер:</p> <p>3-ші разряд үшін:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Қызмет көрсетілетін жабдықтың (сүзгілердің, сораптардың, мөлшерлейтін құрылғылардың) және бақылау-өлшеу аспаптарының құрылымы мен жұмыс принципі. 2. Негізгі технологиялық параметрлер, оларды бақылау және өлшеу құралдары. 3. Химиялық талдау және есептеу әдістері. 4. Химиялық суды тазалаудың технологиялық схемасы. 5. Химиялық реагенттермен жұмыс істеу қағидалары. 6. Суды алдын ала реагентті өңдеу қондырғыларының технологиялық схемалары. 7. Тазартылған су мен конденсат сапасының нормативтік көрсеткіштері. 8. Ішкі еңбек тәртібін, қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария, өрт қауіпсіздігі талаптары. <p>4-ші разряд үшін:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Қызмет көрсетілетін жабдықтың (сүзгілердің, сораптардың, мөлшерлейтін құрылғылардың) және бақылау-өлшеу аспаптарының құрылымы мен жұмыс принципі. 2. Негізгі технологиялық параметрлер, оларды бақылау және өлшеу құралдары. 3. Химиялық талдау және есептеу әдістері. 4. Химиялық суды тазалаудың технологиялық схемасы. 5. Химиялық реагенттермен жұмыс істеу қағидалары. 6. Суды алдын ала реагентті өңдеу қондырғыларының технологиялық схемалары. 7. Тазартылған су мен конденсат сапасының нормативтік көрсеткіштері. 8. Сүзгілерді қалпына келтіру процесі. 9. Жалпы химия негіздері.
<p>Дағдыны тану мүмкіндігі:</p>	<p>Ұсынылмайды</p>
<p>Дағды 2: Суды алдын ала және реагентті өңдеу процестерінің жұмысын қамтамасыз ету</p>	<p>Машықтар:</p> <p>3-ші разряд үшін:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Коагулянттар мен флокулянттарды пайдалана отырып, суды реагенттік өңдеу. 2. Суды алдын ала өңдеуге арналған химиялық реагенттерді дайындау және мөлшерлеу. 3. Бақылау-өлшеу аспаптарының көрсеткіштері бойынша суды алдын ала өңдеу процесінің параметрлерін бақылау және реттеу. 4. Алдын ала тазалау процесінде пайдаланылатын жабдықтың жай-күйін көзбен шолып тексеру және бағалау. 5. Суды алдын ала тазалауға арналған жабдыққа профилактикалық қызмет көрсетуге және жөндеуге қатысу. <p>2-ші разряд үшін:</p> <p>Біліктілігі анағұрлым жоғары аппаратшының басшылық етуімен суды химиялық тазалау процесін жүргізген кезде.</p> <p>4-ші разряд үшін:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Судың сапасы мен қажетті сипаттамаларына байланысты реагенттік өңдеу схемаларын әзірлеу. 2. Суды алдын ала тазалау жүйелерінің тиімділігіне талдау жасау. 3. Технологиялық регламенттің және реагенттердің шығын нормаларының сақталуын бақылау. 4. Алдын ала өңдеуден кейін тазартылған судың сапасына кешенді сынақтар мен талдаулар жүргізу. 5. Заманауи ғылыми деректер негізінде суды реагенттік өңдеудің жаңа технологиялары мен әдістерін енгізу.

		Білімдер:	
		<p>3-ші разряд үшін:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Суды алдын ала тазалау әдістері мен технологиялары. 2. Суды реагенттік өңдеу үшін қолданылатын химиялық реагенттер: қасиеттері мен мақсаттары. 3. Коагуляция және флотация процестері: принциптері мен ерекшеліктері. 4. Алдын ала тазалауға арналған жабдық: түрлері, құрылғысы және жұмыс принципі. 5. Алдын ала өңдеу кезеңдеріндегі судың сапасын бақылау қағидалары мен әдістері. <p>4-ші разряд үшін:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Суды алдын ала өңдеудің тиімділігін және оның одан әрі тазартуға әсерін талдау. 2. Суды реагенттік өңдеу процестерін автоматтандыру жүйелері. 3. Алдын ала тазалау жабдығында профилактикалық және жөндеу жұмыстарын жүргізу тәртібі. 4. Реагенттік өңдеудің экологиялық аспектілері: қалдықтарды азайту және утилизациялау. 5. Суды алдын ала өңдеу процестерін реттейтін нормативтік құжаттар мен стандарттар. 	
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Ұсынылмайды	
Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:	Тәртіптілік Тез тіл табысқыштық Ықыластылық Ұйымдастырушылық Белсенділік		
Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі:	Қажет емес		
СБШ -нің ішіндегі басқа кәсіптермен байланыс:	СБШ-нің деңгейі:	Кәсіптің атауы:	
	4	Өндірістік процестерді автоматтандыру жөніндегі техник	
	6	Сулы-химиялық режим инженері (мұнай)	
13. Кәсіптің карточкасы «3.1 Аспапшы (мұнай, газ, сланец, көмір өңдеу және магистральдық құбырларға қызмет көрсету)»:			
Топтың коды:	7214-1		
Қызмет атауының коды:	7214-1-019		
Кәсіптің атауы:	3.1 Аспапшы (мұнай, газ, сланец, көмір өңдеу және магистральдық құбырларға қызмет көрсету)		
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	3		
СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі:	3.1		
БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:	34-шығарылым. "Жұмыстар мен жұмысшы кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығын (34-шығарылым) бекіту туралы" 2020 жылғы 24 желтоқсандағы № 533 Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 25 желтоқсанда № 21909 болып тіркелді. § 1-3. Аспапшы		
Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі: ТжКБ (жұмысшы кәсіптер)	Мамандық: Технологиялық процестерді автоматтандыру және басқару (бейін бойынша)	Біліктілік: -
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:	Жұмыс тәжірибесі талап етілмейді.		
Формалды емес және информалы біліммен байланыс:	Қажет емес		

Кәсіптің басқа ықтимал атаулары:	3122-4-009 - Техник-аспапшы 8187-1-011 - Технологиялық қондырғылардың операторы	
Қызметтің негізгі мақсаты:	Технологиялық процестердің параметрлерін бақылау аспаптарының сенімді және тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету.	
Еңбек функциялардың сипаттамасы		
Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	1. Технологиялық процестердің параметрлерін бақылау аспаптарына қызмет көрсету
	Қосымша еңбек функциялары:	
Еңбек функциясы 1: Технологиялық процестердің параметрлерін бақылау аспаптарына қызмет көрсету	Дағды 1: МИП-ке қызмет көрсету, біріктірілген қондырғылар мен телемеханиканың жекелеген құрылғыларын басқару, сондай-ақ сапа мен құрамның автоматты реттегіштерін қосу және баптау. Реттеудің каскадтық схемаларын, оның ішінде құрамды талдағыштарды баптау, сондай-ақ автоматтандыру аспаптары мен құралдарын мерзімді тексеру кестесінің орындалуын бақылау	Машықтар:
		<p>2-ші разряд үшін:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Манометриялық термометрлерді, жұмыс манометрлерін, кедергі термометрлерін, трагометрлерді, қысым өлшегіштерді, бейінді милливольтметрлерді, логометрлерді, шығын өлшегіштерді, деңгей өлшегіштерді және басқа да қарапайым модификациядағы аспаптарды қосу және ажырату. 2. Картограммаларды және рулондарды ауыстыру. <p>3-ші разряд үшін:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Аспапты "0" -ге тексеру. 2. 5,6-шы разрядтардың сүйемелдеуімен технологиялық қондырғыларды іске қосуға қатысу. 3. Технологиялық персоналдың шақыруларына сәйкес технологиялық объектілерде БӨАЖА бөлігі бойынша туындаған ақауларды жою. 4. Шығын, деңгей және атқару тетіктері аспаптарының майлауыштарын маймен толтыру. 5. БӨАЖА құралдарын ЖАЖ кестелерін орындау. 6. Өздігінен жазатын құралдардың (қайталама аспаптардың) қаламұштарын сиямен толтыру. <p>4-ші разряд үшін:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Реттегіштерді автоматты басқарудан қолмен басқаруға және кері ауыстыру. 2. Тікелей әрекет ететін реттегіштерде, редукторлар мен сүзгілерде пайда болған ақауларды тексеру және жою. 3. Аспаптарды жыл сайынғы тексеруге дайындау.

Білімдер:

2-ші разряд үшін:

1. Қызмет көрсетілетін учаскедегі қондырғылар мен объектілердің қағидаттық схемасы.
2. Қызмет көрсетілетін объектілердің аппараттары мен жабдықтарының мақсаты мен жұмысы.
3. Судың, мұнай өнімдерінің және басқалардың қысымын, шығынын, деңгейін, температурасын өлшеу принциптері.
4. Бақылау және автоматика аспаптарының құрылысы мен мақсаты.
5. Физика және электротехника негіздері.
6. Ішкі еңбек тәртібі, қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария, өрт қауіпсіздігі талаптары.

3-ші разряд үшін:

1. Қызмет көрсетілетін учаскедегі қондырғылардың технологиялық схемасы.
2. Қызмет көрсетілетін учаскеде технологиялық процестердің параметрлерін бақылау аспаптарының, атқару тетіктері мен күрделілігі орташа автоматика құралдарының құрылысы мен мақсаты.
3. Слесарь ісі.
4. Аспаптардың жұмысындағы ақауларды анықтау және оларды жою әдістері.
5. Қысымды, шығынды, температура деңгейін өлшеу принциптері.
6. Электроника, физика және электротехника негіздері.

4-ші разряд үшін:

1. Аспаптарды байланыстыру қағидалары.
2. Қызмет көрсетілетін учаскедегі сигнализациялау және бұғаттау схемалары.
3. Жекеленген тораптарды ауыстыра отырып, аспаптарды жөндеу тәртібі және оларды процесте баптау.

Дағдыны тану мүмкіндігі:

Ұсынылмайды

Дағды 2:
Бақылау-өлшеу аспаптарын (БӨА) калибрлеу және баптау

Машықтар:

3-ші разряд үшін:

1. Белгіленген стандарттар мен талаптар бойынша бақылау-өлшеу аспаптарын калибрлеу.
2. Технологиялық процестерге сәйкес құрылғылардың жұмыс параметрлерін баптау.
3. Өлшемдердің дәлдігін тексеру және қажет болған жағдайда оларды түзету.

4-ші разряд үшін:

1. Калибрлеу және теңшеу нәтижелерін құжаттау, соның ішінде актілерді жасау.
2. Автоматтандырудың жаңа аспаптары мен құралдарын калибрлеу әдістемелерін өзірлеуге қатысу.

		Білімдер:	
		3-ші разряд үшін: 1. Бақылау-өлшеу аспаптарын калибрлеу және баптау негіздері. 2. Негізгі бақылау-өлшеу аспаптарының (манометрлер, термометрлер, шығын өлшегіштер және т.б.). құрылымы мен жұмыс істеу принципі. 3. Өлшеу дәлдігін тексеру әдістері. 4. Калибрлеу және баптау нәтижелері бойынша құжаттаманы ресімдеу қағидалары. 4-ші разряд үшін: 1. БӨА калибрлеу мен баптауды реттейтін стандарттар мен нормативтік құжаттар. 2. Күрделі аспаптарды калибрлеу процедуралары мен әдістері. 3. Бақылау-өлшеу аспаптарындағы ақауларды диагностикалау және жою тәсілдері. 4. БӨА саласындағы метрология және техникалық реттеу негіздері.	
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Ұсынылмайды	
Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:	Дербестік және жауапкершілік Күйзеліске тұрақтылық Командада жұмыс істей білу Зейінді шоғырландыру және бақылау		
Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі:	Қажет емес		
СБШ -нің ішіндегі басқа кәсіптермен байланыс:	СБШ-нің деңгейі:	Кәсіптің атауы:	
	6	БӨАЖА инженері	
14. Кәсіптің карточкасы «Қазандарды және бу және ыстық су құбырларын қадағалау жөніндегі инженер»:			
Топтың коды:	2151-2		
Қызмет атауының коды:	2151-2-007		
Кәсіптің атауы:	Қазандарды және бу және ыстық су құбырларын қадағалау жөніндегі инженер		
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	6		
СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі:			
БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:	Басшылар, мамандар және басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығы "Басшылар, мамандар және басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығын бекіту туралы" 2020 жылғы 30 желтоқсандағы № 553 Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 31 желтоқсанда № 22003 болып тіркелді. § 45. Инженер		
Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі: жоғары білім (бакалавриат, маман дәрежесі, ординатура)	Мамандық: Өндірістік және өңдеу салалары	Біліктілік: -
	Білім деңгейі: жоғары білім (бакалавриат, маман дәрежесі, ординатура)	Мамандық: Инженерия және инженерлік іс	Біліктілік: -
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:	I санаттағы инженер: кадрларды даярлаудың тиісті бағыты бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білімі және II санатты инженер лауазымындағы жұмыс өтілі кемінде 2 жыл; II санаттағы инженер: кадрларды даярлаудың тиісті бағыты бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білімі және санаты жоқ инженер лауазымындағы жұмыс өтілі кемінде 3 жыл; Санаты жоқ инженер: кадрларды даярлаудың тиісті бағыты бойынша жұмыс өтіліне талаптар қоймай жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білімі немесе тиісті мамандық (біліктілік) бойынша техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі (арнаулы орта, кәсіптік орта) білімі және I санатты техник лауазымындағы жұмыс өтілі кемінде 3 жыл.		

Формалды емес және информформалы біліммен байланыс:	Қажет емес	
Кәсіптің басқа ықтимал атаулары:	2151-2-008 - Өнеркәсіптік энергетика жөніндегі инженерлер	
Қызметтің негізгі мақсаты:	Қазандарды және бу және ыстық су құбырларын қадағалау	
Еңбек функциялардың сипаттамасы		
Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	1. Қазандықтардың, сондай-ақ бу және ыстық су құбырларының техникалық жай-күйі мен жөндеу сапасына қадағалау жүргізу
	Қосымша еңбек функциялары:	
Еңбек функциясы 1: Қазандықтардың, сондай-ақ бу және ыстық су құбырларының техникалық жай-күйі мен жөндеу сапасына қадағалау жүргізу	Дағды 1: Жөндеуден кейін құжаттамаларды енгізу және қазандар мен құбырларды қабылдау	Машықтар: 1. Пайдалану персоналы жүргізетін құбырларды паспорттауға техникалық жағынан басшылық ету. 2. Құбырларды мерзімді тексерулердің, кешенді тексерулердің, ревизиялаудың нәтижелерін құжаттау. 3. Құрылыс-монтаждау жұмыстарының сапасына іріктеп бақылау жүргізу. 4. Кәсіпорынға келіп түсетін қазандық жабдықтардың, құбырлар мен құбыр бөлшектерінің, арматураның сапасына, техникалық құжаттаманың бар-жоғына және сапасына кіріс бақылауды жүзеге асыру.
		Білімдер: 1. Жоспарлы-алдын алу жөндеу жүйесі. 2. Технологиялық процестер және өндіріс режимдері. 3. Қазандық жабдықтары мен бу және ыстық су құбырларының жұмыс принциптері, техникалық сипаттамалары, құрылымдық ерекшеліктері.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Ұсынылмайды
	Дағды 2: Бу және ыстық су қазандықтары мен құбырларын орнату бойынша қолданыстағы ережелерге, нормаларға және басқа да басшылық техникалық материалдарға сәйкес тексерулер, техникалық куәландырулар, мерзімді тексерулер жүргізудің уақтылылығын, толықтығын және сапасын бақылау	Машықтар: 1. Зауыттың (цехтың) техникалық басшылығымен бірлесіп бу және ыстық су қазандықтары мен құбырларына тексеру жүргізу. 2. Жөндеу жұмыстарының сапасына тексеру жүргізу. 3. Цехтардың қазандықтары мен бу және ыстық су құбырларына мерзімді тексерулер, кешенді тексерулер жүргізу. 4. Қондырғыларды, өндірістерді және нормаларды жоспарлы-алдын ала жөндеуді (ППР) ескере отырып, мерзімді қарап-тексеру, ревизиялар, кешенді тексеру және техникалық куәландыру кестелерін әзірлеу. 5. Қазандықтар мен бу және ыстық су құбырлары мәселелеріне қатысты бұйрықтар мен өкімдердің, сондай-ақ нұсқамалар мен нұсқаулардың орындалуын бақылауды жүзеге асыру. 6. Пайдалану персоналының бу және ыстық су қазандықтары мен құбырларына төлқұжаттар, жөндеу формулярлары мен журналдарын жүргізудің дұрыстығы мен жүйелілігін бақылауды жүзеге асыру. 7. Бу және ыстық су қазандықтары мен құбырларын пайдалану, тексеру және жөндеу жөніндегі құжаттардың тізбесін жасау. 8. Цехтармен бірлесіп қауіпсіздік талаптарына және пайдалану ережелеріне сәйкес келмейтін бөлшектерді, құбырларды ауыстыру бойынша кестелер жасау. 9. Қазандық жабдықтары мен бу және ыстық су құбырларының техникалық жай-күйі туралы анықтама жасау.

		Білімдер:	
		<p>1. Қазандықтарды, бу және ыстық су құбырларын қауіпсіз пайдалануға, тексеруге және жөндеуге қатысты директивалық және өкімдік құжаттар, ережелер, техникалық шарттар, нормалар, нұсқаулықтар, регламенттер.</p> <p>2. Мемлекеттік қадағалау жүйесі.</p> <p>3. Бағдарламалық жасақтама (MS Office, SAP R3, WinSteel, ImageExpert Pro 2.5, AEWIN for SAMOS 1.21) жоғары деңгейде.</p> <p>4. Ішкі еңбек тәртібі, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өндірістік санитария тәртібі, өрт қауіпсіздігінің талаптары.</p>	
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Ұсынылмайды	
Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:	Күйзеліске тұрақтылық Көшбасшылық (ұйымдастырушылық және басқарушылық) сапа Аналитикалық және жүйелі ойлау Ішінара және толық белгісіздік жағдайында шешім қабылдай білу Қабылданатын шешімдер үшін жауапкершілік		
Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі:	ТР КО 010/2011 «Машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігі туралы» және тиісті стандарттар.		
СБШ -нің ішіндегі басқа кәсіптермен байланыс:	СБШ-нің деңгейі:	Кәсіптің атауы:	
	6	Су-химиялық режим жөніндегі инженер (мұнай)	
	6	Жылуды диагностикалау және теңестіру жөніндегі инженер	
15. Кәсіптің карточкасы «Жылуды диагностикалау және теңестіру жөніндегі инженер»:			
Топтың коды:	2147-3		
Қызмет атауының коды:	2147-3-002		
Кәсіптің атауы:	Жылуды диагностикалау және теңестіру жөніндегі инженер		
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	6		
СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі:			
БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:	Басшылар, мамандар және басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығы "Басшылар, мамандар және басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығын бекіту туралы" 2020 жылғы 30 желтоқсандағы № 553 Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 31 желтоқсанда № 22003 болып тіркелді. § 45. Инженер		
Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі: жоғары білім (бакалавриат, маман дәрежесі, ординатура)	Мамандық: Өндірістік және өңдеу салалары	Біліктілік: -
	Білім деңгейі: жоғары білім (бакалавриат, маман дәрежесі, ординатура)	Мамандық: Инженерия және инженерлік іс	Біліктілік: -
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:	I санаттағы инженер: кадрларды даярлаудың тиісті бағыты бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білімі және II санатты инженер лауазымындағы жұмыс өтілі кемінде 2 жыл; II санаттағы инженер: кадрларды даярлаудың тиісті бағыты бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білімі және санаты жоқ инженер лауазымындағы жұмыс өтілі кемінде 3 жыл; Санаты жоқ инженер: кадрларды даярлаудың тиісті бағыты бойынша жұмыс өтіліне талаптар қоймай жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білімі немесе тиісті мамандық (біліктілік) бойынша техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі (арнаулы орта, кәсіптік орта) білімі және I санатты техник лауазымындағы жұмыс өтілі кемінде 3 жыл.		
Формалды емес және информалы біліммен байланыс:	Талап етілмейді		

Кәсіптің басқа ықтимал атаулары:	2147-3-003 - Газ объектілері жабдықтарын пайдалану жөніндегі инженер	
Қызметтің негізгі мақсаты:	Жылу диагностикасы және теңгерімдеу бойынша жұмыстар жүргізу	
Еңбек функциялардың сипаттамасы		
Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	1. Ғылыми-техникалық ақпаратты жинау, өңдеу, талдау және жүйелеу, жұмыстардың жоғары сапасы мен уақтылы орындалуын қамтамасыз ету
	Қосымша еңбек функциялары:	
Еңбек функциясы 1: Ғылыми-техникалық ақпаратты жинау, өңдеу, талдау және жүйелеу, жұмыстардың жоғары сапасы мен уақтылы орындалуын қамтамасыз ету	Дағды 1: Жабдықтарды орнату және баптау бойынша жұмыстарды орындау, талаптардың сақталуын қамтамасыз ету	Машықтар:
